

С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті



Kazakh National Medical University
Asfendiyarov

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық
Медицина Университеті**
Кафедрасы :Терапиялық стоматология



**Стоматологиялық аспаптарды залалсыздандыратын және
дезинфекциялайтын заманауи заттар мен әдістер**

Орындаған: Әшірбеков Ф.З.
Факультеті: стоматология
Тобы: 4001-1
Қабылдаған : Сағатбаева А.Д.

Алматы 2010ж.

Жоспар :

- Кіріспе :
Терапиялық стоматологиядағы асептиканың негізгі принциптері .
- Негізгі бөлім :
Дезинфекция әдістері
Стерилизация түрлері
- Қорытынды .



Терапиялық стоматологиядағы асептиканың негізгі принциптері :

- Асептика – науқастың ағзаларына , тіндеріне және жарасына микроорганизмдердің түсуін хабарлайтын профилактикалық іс-шаралар жүйесі .

Асептика қолданылады :

- инструменттердің стерилизациясы ;
- материалдардың стерилизациясы ;
- дәрігер стоматологтың қолын арнайы өңдеуде ;
- емдеу мекемелерінде арнайы гигиеналық іс-шаралар жүргізуде қолданылады .



- Терапиялық стоматологияда жоғарыда көрсетілген принциптерді ұстануы керек .Себебі ауыз қуысында жұмыс істегенде стоматолог әрқашан инфицирленген жарамен жұмыс істейді .Науқаспен жанасу кезінде инфекция беріледі / мысалы , пульпа кездейсоқ ашылуы кезінде инфицирленуі / және асептиканы сақтамаудан инфекция бір науқастан екіншісіне беріледі ./мысалы , стоматолог инструменттері арқылы гепатит А қоздырғышы беріледі / . Сондықтан жанасу арқылы берілетін инфекцияның профилактикасы ретінде барлық инструменттерді және материалдарды стерилдеу қажет .



- Дезинфекция /француз тілінде des – инфекциялық бастаманы жою , алу / - микробтармен ластанған затты , оны қолданғанда инфекция қоздырмайтын дәрежеге дейін микробтарды жоюға арналған өңдеу процедурасы .
- Дезинфекция физикалық немесе химиялық әдістермен жүргізіледі .
- Физикалық фактор ретінде жоғары температура , ультракүлгін сәулелері және ультрадыбыстық стерилизация әдістері қолданылады .Ал , химиялық стерилизацияда йод , хлорамин және т.б. заттар қолданылады .

Физикалық стерилизация әдістеріне бумен , ыстық ауамен , инфрақызыл сәулелену әдістері , фильтрациялау және радиациялау әдістері жатады

- Химиялық дезинфекция – әртүрлі химиялық заттардың қосындыларымен газдық әдіс көмегімен жүргізіледі. Дезинфектанттар жасуша қабығындағы липидтерді ерітіп / детергенттер / немесе нуклеин қышқылдары мен ақуыздарды бұзып әсер етеді /денатураттар , оксиданттар / .Бұл әдіспен , жылулық өңдеуге жатпайтын заттар мысалы , операциялық стол беткейі , ем қабылдау бөлмесінің қабырғасы , кейбір инструменттер залалсыздандырылады .

Стерилизациялауда әдісті таңдау стерилилдеуші материалдың қасиеттеріне байланысты .

Қазіргі кезде стоматологияда қолданылатын стерилизация әдістеріне :қайнату , жоғарғы қысымды бумен, құрғақтықпен және салқын әдіс жатады.



Қайнату :

- Қайнату металдан жасалған құралдарды стерильдеуде қолданылады .Қақтың /накип/ түзілуін азайту үшін стерилизаторға дестилденген суды құяды және натрии бикарбонатын қосады.Стерильдеу ұзақтылығы су қайнағаннан бастап 30 минут .

Қайнату әдісі көмегімен шприцтерді стерильдейді Ол үшін шприцтерді бөлшектеп , қалыпты бөлме температурасындағы стерилизаторға батырады да 30 минут қайнатады .Инъекцияға арналған инелерді сода қоспасында стерильдеуге болады , кейін оларды мандренге қою қажет .



Жоғарғы қысымды бумен стерилизация:

- Бұл әдіспен байлам / перевязочный / материалдары перчаткалар , мақта шариктері , турундалар электрлік автоклавта стерильденеді .Стерильдеу алдында материалды бикске немесе қаптарға салынады . Стерилизациялаудан кейінгі материалды 3 тәулікке дейін сақтауға болады .



Құрғақыстықпен стерилизация :

- Бұл әдіс металдан жасалған инструменттерді залалсыздандыру үшін қолданылады . 40 минут стерильденеді : 25 минутта инструменттерді қажетті температураға дейін қыздырады және 15 минут залалсыздандыруға кетеді .



Құрғақауамен стерилизация :

- Кішкентай стоматологиялық аспаптарды кептіру шкафында / суховоздушный метод / 120 градус температурада 30-40 минут стерилизациялайды .
180 градус температурада стерилизация ұзақтығы 20 минутқа тең .

- Стерилизациядан кейін инструменттерді жіктейді /разбирают/ бөледі және арнайы столда, стерильді матамен жауып сақтайды .

Стоматологиялық кабинеттің жақсы қызмет көрсетуі медбикемен санитардың өз жұмыстарын жақсы істеулеріне тікелей байланысты .



Қолданылған әдебиеттер.

Негізгі:

- 1.Е.В.Боровский – Терапевтическая стоматология
- 2.www.google.ru
- 3.Е.А.Магид – Фантомный курс терапевтической стоматологии . Москва – 1987 год .
- 4.Б.А.Рамазанова ,А.Л.Котова – Жалпы микробиология



**Назар аударғандарыңызға
рахмет!!!**

